ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 8 қыркүйек № 4360-23-00-2/1887 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Сырдария ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«АПАССОВ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мағжан Бауыржанұлы Апассов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Сырдария ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «АПАССОВ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мағжан Бауыржанұлы Апассовқа мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «АПАССОВ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мағжан Бауыржанұлы Апассов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «АПАССОВ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мағжан Бауыржанұлы Апассовтан мемлекет кірісіне 210 (екі жүз он) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 731 (бір мың жеті жүз отыз бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

көшірмесі дұрыс
Судья А.Әбілқайысқызы

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «24» қазан 2023 жыл.

Судья А.Әбілқайысқызы

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 14.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 24.10.2023, судья Әбілқайысқызы А., 24.10.2023
4360-23-3-1/2029